Әуе қозғалысын басқару жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 25 қарашадағы № 963 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 29 қарашада № 19658 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 29) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Әуе қозғалысын басқару жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қорғаныс министрі *Н. Ермекбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрінің
2019 жылғы 25 қарашадағы
№ 963 бұйрығымен
бекітілген

Әуе қозғалысын басқару жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Әуе қозғалысын басқару жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 29-тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы әуе кемелерінің әуе қозғалысын (ұшуын) басқару саласындағы заңнаманы қолдануды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) авиациялық бөлім Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының жойғыш, бомбалау, шабуыл, көліктік, армиялық және оқу-жаттығу әуе кемелерінің ұшуын ұйымдастыру мен орындауды, оларды пайдалануды, жөндеуді және сақтауды жүзеге асыратын республикалық мемлекеттік мекеме. Авиациялық бөлім деп сонымен қатар авиациялық комендатуралар, авиациялық мүлік қоймалары, сондай-ақ авиациялық персоналды даярлау, ұшқышсыз ұшу аппараттарын жауынгерлік даярлаужәне жауынгерлік қолдану жөніндегі оқу-жаттығу орталықтары түсініледі;

2) әуеайлақтан тыс ұшу ұшып шығу әуеайлағына қонумен басқаруды басқа ұшуды басқару органына бере отырып, әуеайлақ ауданының әуе кеңістігі шекарасынан тыс орындалатын әуе кемесінің ұшуы;

3) әуеайлақтық ұшу ұшып көтерілу әуеайлағы ауданының әуе кеңістігі шекарасында орындалатын әуе кемесінің ұшуы;

4) ерекше жағдай авиациялық техника кенеттен істен шығу немесе әуе кемесінің, жолаушылар мен экипаждың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экипаждан стандарттан тыс әрекет ету талап етілетін жағдайға тап болуы нәтижесінде туындаған жағдай;

5) ұшырып апару әуе кемелерін өнеркәсіп кәсіпорнынан немесе авиациялық жөндеу зауытынан (авиациялық жөндеу бөлімінен, базасынан) авиациялық бөлімге немесе керісінше, сондай-ақ бір авиациялық бөлімнен басқа авиациялық бөлімге беру мақсатында жүзеге асырылатын ұшып өту;

6) трассадан тыс ұшу әуе трассасынан және әуеайлақ ауданы шегінен тыс жасалатын ұшу;

7) шұғыл ұшу әуе кеңістігін пайдалануды шұғыл келісу талап етілетін ұшу жоспарын берусіз орындауға жол берілетін ұшу.

3. Әуе қозғалысын басқару мақсаты экипаждардың ұшу тапсырмаларын уақтылы орындауына және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жерде және әуеде әуе кемелерінің қозғалысын үздіксіз, сенімді және жедел реттеу болып табылады.

2-тарау. Әуе қозғалысын басқару орталықтары

4. Әуе қозғалысын басқару орталықтары олар үшін белгіленген жауапты аудандар шегінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау және үйлестіру, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің сақталуын бақылау, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әуе қозғалысын реттеу үшінтағайындалған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әуе қозғалысын басқару орталықтарының жедел органдары.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әуе қозғалысын басқару жедел органдарына:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің әуе қозғалысын басқару бас орталығы орталық жедел орган;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің әуе қозғалысын басқару өңірлік орталықтары;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің әуе қозғалысын басқару аудандық орталықтары;

4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің әуе қозғалысын басқару қосалқы аудандық орталықтары жатады.

3-тарау. Әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау

1-параграф. Әуеайлақтық және әуеайлақтан тыс ұшуды жоспарлау және ұйымдастыру

5. Авиациялық бөлімдер штабтары (базадан тыс әуеайлақтар экипаждары) әуеайлақтық және әуеайлақтан тыс ұшуға өтінімдерді (ұшу жоспарларын) ұшу күні қарсаңында сағат 14.00-ге (UTC уақыты) дейін немесе ұшу аяқталғаннан кейін бір сағат ішінде келесі иәуліктердің аралас ауысымы үшін:

1) әуе қозғалысын басқару бас орталығына;

2) жақын орналасқан әуе қозғалысын басқару орталығына;

3) қосалқы ретінде жоспарланған диспетчерлік (командалық) әуеайлақтар пункттеріне ұсынады.

6. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган есебінде тұрған ұшқышсыз ұшу аппаратының жоспарлы ұшуына өтінім (ұшу жоспары) пайдаланушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 506 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларының (бұдан әрі Әуе

кеңістігін пайдалану қағидалары) 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұшып шыққанға дейін үш сағат бұрын әуе қозғалысын басқару орталығына береді.

Әуе кеңістігін пайдалануға алынған өтінімді (ұшу жоспарын) әуе қозғалысын басқару бас орталығы әуе кеңістігін пайдалану жоспарына енгізеді, әуе қозғалысын басқару орталықтарына, әуе қозғалысын жоспарлау бас орталығына, азаматтық-әскери үйлестіру тобына авиациялық белгілеу электрондық байланыспен (телеграфпен, интернетпен) жіберіледі.

Ұшқышсыз ұшу аппараттарының ұшуын орындау кезінде әуе кеңістігін пайдалану қауіпсіздігі қысқа уақытты шектеулер немесе әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимдерін белгілеумен қамтамасыз етіледі.

7. Әуе қозғалысын басқару орталықтары әуе кеңістігін пайдалануға өтінімді (ұшу жоспарын) алғаннан кейін оны әуе кеңістігін пайдалану жоспарына енгізеді. Әуе кеңістігін пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әуе трассаларының учаскелерінде олардың ұшу маршруттарымен қиылысқан орындарда қысқа уақытты шектеулер әзірленеді. Арнайы тапсырмаларға ұшу маршруттары қосымша шектеулер әзірлеу үшін жалпы әуе жағдайы планшетіне салынады, басқару пункттері, радиобайланыс, басқаруды беру шептері айқындалады.

8. Әуе кеңістігін пайдалануға қысқа уақытты шектеулер, егер әуеайлақтың (алаңның) аэронавигациялық паспортында ұшуды орындау кезінде әуе қозғалысына қызмет көрсету (басқару) органдарының өзара іс-қимыл рәсімдері көрсетілген болса, бақыланатын әуе кеңістігінде орналасқан азаматтық авиация әуеайлақтарында әуе кемелерінің ұшуына ықпал ететін әуеайлақтарда (алаңдарда) ұшуды орындау кезінде әзірленбейді.

9. Әуе қозғалысын басқару орталықтары ұшуды орындау күні әуедегі жағдайға байланысты пилотаж аймақтарын пайдалануды және ұшу маршруттарын келіседі:

1) авиация бөлімінің басқару пунктімен (командалық-диспетчерлік пунктімен, штурманмен);

2) әуе қозғалысына қызмет көрсету орталықтарының ұшу жетекшілерімен;

3) азаматтық авиация әуеайлағы әуе қозғалысына қызмет көрсету органының ұшу жетекшісімен.

10. Әуе қозғалысын басқару орталықтары әзірлеген әуе кеңістігін пайдалануға қысқа уақытты шектеулер белгіленген авиациялық электр байланыс желісі (факсимильді байланыс құралдары, интернет) арқылы әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына жеткізіледі. Нақты және болжамды әуе жағдайын талдауға,тапсырманы орындау шұғылдығына байланысты әуе кеңістігін пайдалануға қысқа уақытты шектеулер кейіннен белгіленген авиациялық электр байланыс желісі арқылы жеделхаттар жолдаумен телефондық байланыс құралдары бойынша әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына жеткізіледі.

11. Әуе кеңістігін пайдалануға қысқа уақытты шектеулер бірлесіп орналасқан әуеайлақтарда ұшуды орындау кезінде, әуеайлақтың аэронавигациялық паспортына енгізілген мемлекеттік авиацияның арнайы (пилотаж) аймақтары, ұшу маршруттары пайдаланғанда және әуе қозғалысын басқарудың біріктірілген тобы ұйымдастырылғанда әзірленбейді.

12. Бірлесіп орналасу әуеайлақтарында ұшуды орындау кезінде әуе кеңістігін пайдалану қауіпсіздігін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 18 наурыздағы № 128 және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 91 бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық және мемлекеттік авиациясының бірлесіп орналастыру әуеайлақтарын пайдалану қағидасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6922 болып тіркелген) сәйкес әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) біріктірілген әуе қозғалысын басқару тобы қамтамасыз етеді.

13. Әуеайлақ диспетчері (ұшу жетекшісі) ауа райын әуеден барлау басталғанға (ұшу басталғанға) жоспарланған уақытқа дейін екі сағат бұрын әуеайлақ тұрған жауапкершілік ауданындағы әуе қозғалысын басқару орталығынан әуе кеңістігін пайдалануға сұрау салуды жүзеге асырады.

14. Әуе қозғалысын басқару орталығы ауа райын әуеден барлау (ұшу басталғанға) немесе ұшу басталғанға жоспарланған уақыттан бір сағат бұрын (сұрау салу кеш түскен кезде бір сағаттан кейін) әуеайлақ диспетчеріне (ұшу жетекшісіне) әуе кеңістігін пайдалану шарттарын береді, онда:

1) ауа райын әуеден барлау басталу (ұшу басталу) уақыты;

2) әуе кемелерінің түрлері, әуе кемелерінің саны;

3) экипаждарды шақырту белгілері, ұшу (жауынгерлік) реттілік (қажет болған кезде);

4) ұшу маршруттары, ұшудың барынша эшелоны (биіктігі);

5) қосалқы қону әуеайлағы;

6) басқару пункттері, олардың шақырту белгілері, басқаруды қабылдау (беру) шептері (егер ұшу маршруттарының басқаруға басқа басқару пункттері тартылған жағдайларда) көрсетіледі.

15. Әуе кеңістігін пайдалануға қысқа уақытты шектеулерді әуе қозғалысын басқару орталықтары енгізеді. Әуе кеңістігін пайдалануға қысқа уақытты шектеулерді алуды осы шектеуді енгізген әуе қозғалысын басқару орталығы әрекет ету аяқталуғаннан кейін немесе белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін жүзеге асырады.

16. Әуе қозғалысын басқару орталығының кезекші аусымы метеоролгиялық (техникалық) жағдайлар бойынша әуеалақтарды жабу туралы ақпарат алған, қону әуейлағында (алаңында) ұшу жетекшісінің тобы (әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері) болмаған кезде осы ақпаратты әуе қозғалысын басқару бас орталығына

жеткізеді. Әуе қозғалысын басқару бас орталығының кезекші ауысымы ақпаратты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің жедел кезекшісіне (көмекшісіне) жеткізеді.

17. Жоспарланған әуеайлақтық ұшуды орындау транзиттік әуе кемелерінің әуеайлақ ауданының (операциялық әуе қозғалысы ауданының) әуе кеңістігі арқылы ұшып өтуіне тыйым салу үшін негіз болып табылмайды.

18. Операциялық әуе қозғалысы орындалатын әуеайлақ ауданы арқылы әуе кемесінің ұшып өтуін қамтамасыз ету мақсатында әуе қозғалысын басқару орталығы әуе кеңістігін пайдалануды ағымдағы жоспарлау процесінде әуеайлақтың әуе қозғалысын басқару органымен ұшып өту шарттарын келіседі.

19. Әуеайлақтың ұшуды басқару тобы ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, транзитті әуе кемелерінің ұшып өтуі үшін жоғарғы және төменгі әуе кеңістігінде эшелондар (биіктік) бөледі, басқару пунктінің шақырту белгілерін, радиобайланыс жүргізу (негізгі, резервтегі) жиіліктерін айқындайды.

20. Әуе қозғалысын басқару орталығы экипажға ұшып өту шарттарын тікелей немесе әуе қозғалысына қызмет көрсету органы арқылы береді.

21. Операциялық әуе қозғалысы ауданында транзиттік ұшып өтуді орындайтын әуе кемелерінің экипаждары ауданға кіргенге дейін он минут бұрын әуе қозғалысын басқару тобынан (командалық пункттен) операциялық әуе қозғалысы ауданына кіру, шығу орындарын (әуеайлақтың бақылау нүктесінен азимутты, қашықтықты), ұшып өту (эшелон) биіктігін көрсетумен рұқсат етуге сұрай салады.

22. Ұшуды басқару тобы транзиттік әуе кемесімен радиобайланысты орнатқаннан кейін аэронавигациялық жағдайға байланысты:

1) операциялық әуе қозғалысы ауданынан шыққанға дейін келісілген басқару жиілігінде әуе қозғалысын басқаруды (қажет болған кезде түзету командаларын берумен) жүзеге асырады;

2) әуеайлақтың ұшуды басқару тобы берген шарттарды сақтаумен және жалпы әуе қозғалысына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын әуе қозғалысына қызмет көрсету органымен радиобайланыс жүргізумен ауданды ұшып өтуге жол береді.

2-параграф. Әуе кемелерінің ұшып өтуін және ұшырып апаруды жоспарлау және ұйымдастыру

23. Авиациялық бөлім штабтары авиациялық техниканың ұшып өтуі, ұшырып апару кезінде осы Нұсқаулыққа 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Ұшып өту жоспары әзірленеді және авиациялық бөлім командирі бекітеді. Жоспардан деректер техникалық байланыс құралдары арқылы алдын ала жоспарлау үшін жоғарғы тұрған командалық пунктке және әуе қозғалысын басқару бас орталығына жолданады.

24. Ұшып өту жоспары әскери-көлік авиациясының әуе кемелері және тікұшақтар Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшып өткен (ұшырып апарған) кезде әзірленбейді.

25. Авиациялық бөлімдер штабтары (базадан тыс әуеайлақтар экипаждары) ұшып өтуге (авиациялық техниканы ұшырып апаруға) өтінімдерді (ұшу жоспарларын) әуе қозғалысын басқару бас орталығына, әуе қозғалысын басқару орталықтарына, қону әуеайлақтарының диспетчерлік (командалық) пункттеріне және қосалқы ретінде жоспарланған әуеайлақтарға ұшып өту (ұшырып апару) күні қарсаңында 14.00-ге (UTC уақыты) дейін ұсынады.

26. Көліктік әуе кемелерінің және тікұшақтардың ұшып өтуі Әуе кеңістігін пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес өтінімді (ұшу жоспарларын) берумен жалпы әуе қозғалысында орындалады.

27. Әуе қозғалысын басқару орталығы әуе кемесі жалпы әуе қозғалысында ұшуды жүзеге асыру мүмкін болмаған (жұмыс регламентіне немесе басқа да себептерге сәйкес әуе қозғалысына қызмет көрсету болмаған) кезде мәлімделген биіктік (эшелон) диапазонында ұшып өту маршруты бойынша әуе кеңістігін пайдалануға қысқа уақытты шектеулерді белгілейді, операциялық әуе қозғалысында ұшуды жүзеге асыру үшін басқару пункттерін және радиобайланысты жүргізу жиіліктерін айқындайды.

28. Операциялық әуе қозғалысында ұшуды орындаған жағдайларда үздіксіз радиобайланысты қамтамасыз ету мемкін болмағанда авиациялық бөлім штабы (командалық пункт) жоғары тұрған басқару пунктімен (командалық пунктпен) келісу бойынша:

1) экипаждың даярлық деңгейіне және метеошарттарды бағалауға байланысты ұшуды орындауға жол береді (жол бермейді);

2) шектеулі радиобайланысты жүргізумен немесе әуе кемесі ретранслятор арқылы байланысты ұйымдастырумен ұшуды орындау қажеттілігін және мүмкіндігін айқындайды;

3) авиациялық бөлім штабы (жоғары тұрған басқару пункті) қабылданған шешімдер туралы әуе қозғалысын басқару орталығын (әуе қозғалысын басқару бас орталығын) хабардар етеді.

29. Операциялық әуе қозғалысынан жалпы әуе қозғалысына (немесе жалпыдан операциялыққа) өтумен ұшып өтуді (авиациялық техниканы ұшырып апаруды) орындау кезінде әуе қозғалысын басқару және әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары арасында алдын ала келісу бойынша ұшуды жүзеге асыруға жол беріледі.

Әуе қозғалысының бір түрінен басқасына өту нүктесі ұшу жоспарында көрсетіледі және әуе кеңістігін пайдаланудағы шартты алу кезеңінде әуе қозғалысын басқару орталығымен келісіледі.

30. Әуеайлақ диспетчері (ұшу жетекшісі) ұшуды, ұшырып апаруды орындау күні жоспарланған ұшып өту (авиациялық техниканы ұшырып апару) уақытынан екі сағат

бұрын жауапкершілік аймағында ұшып шығу әуеайлағы орналасқан әуе қозғалысын басқару орталығынан әуе кеңістігін пайдалануға сұрау салуды жүзеге асырады.

31. Әуе қозғалысын басқару орталығы жоспарланған ұшып шығу уақытына дейін бір сағат бұрын ұшу әуеайлақ диспетчеріне (ұшу жетекшісіне) әуе кеңістігін пайдалану шарттарын береді, онда:

1) ұшып шығу (әуе қозғалысын басқару орталығы ауданына кіру) уақыты;

2) әуе кемелерінің саны, экипаждарды шақырту белгілері, ұшу (жауынгерлік) реттілік;

3) ұшу маршруты, орны, эшелон және әуе трассасына кіру (шығу) уақыты немесе кесіп ұшып өту тәртібі;

4) негізгі және қосалқы қону әуеайлақтары;

5) ұшу (ұшып өту) эшелоны (биіктігі);

6) басқару пункттері, оларды шақырту белгілері, қабылдау, басқару шептері көрсетіледі.

32. Операциялық әуе қозғалысында ұшуды жүзеге асыру үшін әуе кеңістігін пайдалануға сұрау салынған жағдайда кемінде жоспарланған ұшу уақытына дейін екі сағат бұрын әуе қозғалысын басқару орталығына тапсырманы орындауды қамтамасыз ету үшін әуе кеңістігін пайдалануға шарттарды кемінде бір сағат бұрын беруге жол беріледі.

4-бөлім. Әуе кеңістігін пайдалануды үйлестіру

1-параграф. Әуе кеңістігін пайдалануды оңтайландыру

33. Әуе қозғалысын басқару орталықтары мыналарды ескере отырып әуе кеңістігін пайдалануды үйлестіруді жүзеге асырады:

1) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 25 бабымен айқындалған әуе кеңістігін пайдалану басымдылықтарын;

2) уақытша режимдерді, қысқа мерзімді шектеулерді енгізу тәртібі;

3) әуе жағдайы;

4) әуе кеңістігін жанжалсыз және қауіпсіз пайдалануды.

34. Әуе кеңістігін пайдалануды үйлестіру процесінде әуе қозғалысын басқару орталықтары:

1) қажет болған кезде мәлімделген әуе кеңістігін пайдалану шарттарына өзгерістер енгізеді;

2) ұшып шығудың 30 минуттан астам кідірісі туралы хабарлама болмаған жағдайда берілген әуе кеңістігін пайдалану шарттарының күшін жояды;

3) жоспарланған қызметтің және оның жоспары ағымдағы тәулікте келіп түсетін қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әуе кеңістігін уақыты, орны және биіктігі бойынша орналастырады;

4) кенеттен туындайтын міндеттер бойынша әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету үшін әуе кеңістігін пайдалануға қысқа мерзімді шектеулерді әзірлейді.

35. Әуе кеңістігін пайдалануға өтінім (ұшу жоспарын) ұсынған әуе кеңістігін пайдаланушылар әуе кеңістігін пайдалануға мәлімдеген жағдайына енгізілген өзгерістер туралы хабардар етеді.

2-параграф. Әуе шабуылына тойтарыс беру, Мемлекеттік шекараны бұзуды, Қазақстан Республикасының аумағына қаруланған басып кіруді болдырмау және жолын кесу кезінде әуе кеңістігін пайдалануды үйлестіру

36. Кезекші күштерді (әуе қорғанысыныа қарсы бойынша және кенеттен туындайтын міндеттерді шешу үшін) жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежесіне келтіру:

1) әуе шабуылына тойтарыс беру, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзуды болдырмау және жолын кесу, Қазақстан Республикасының аумағына қаруланған басып кіру;

2) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуды болдырмау және (немесе) жолын кесу;

3) авиацияны зілзала және өзге де апаттар аудандарында, іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу аудандарында қолдану;

4) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты жауынгерлік әзірлікке кенеттен тексерулер жүргізу жағдайларында жүзеге асырылады.

37. Орталық командалық пункті жедел кезекшісінен және (немесе) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас командалық пунктінің жедел кезекшісінен кезекші күштерді жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежесіне келтіру жөнінде ақпаратты алғаннан кейін әуе қозғалысын басқару бас орталығының кезекші ауысымы былай әрекет жасайды:

1) міндетті және іс-қимыл ауданын нақтылайды;

2) әуеайлақты және ұшу уақытын, құрамын, әуе кемелерінің түрлерін, экипаждардың шақыру белгілерін, болжанған ұшу маршрутын, биіктіктерді (эшелондарды) нақтылайды;

3) жауапты ауданда ұшуы жүзеге асырылатын әуе қозғалысын басқару орталықтарына, әуе кемелерінің әуе шабуылына қарсы қорғаныс жөніндегі кезекшілердің ұшу маршруты (іс-қимыл ауданы) бойынша әуе кеңістігін пайдаланудың қысқа мерзімді шектеулерін әзірлеуге және орнатуға нұсқаулар береді;

4) әуе қозғалысын басқару орталықтарынан әуе кеңістігін пайдалануға қысқа мерзімді шектеулерді қою жөніндегі баяндаманы алғаннан кейін әуе қозғалысын басқару бас орталығының ауысым бастығы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас командалық пунктінің жедел кезекшісін әуе кеңістігін пайдалануға қысқа мерзімді шектеулер қою туралы хабардар етеді;

5) кезекші күштер ұшып шыққаннан кейін әуе кемелерінің ұшуы туралы ақпаратты бағыныста әуе қозғалысын басқару орталықтарының баяндамасы бойынша алады.

38. Әуе қозғалысын басқару бас орталығынан немесе авиациялық бөлім жедел кезекшісінен (диспетчерден) кезекші күштерді жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежесіне келтіру жөніндегі ақпаратты алғаннан кейін әуе қозғалысын басқару орталығының кезекші ауысымы былай әрекет жасайды:

1) ұшу уақытын, құрамын, әуе кемелерінің түрлерін, экипаждардың шақыру белгілерін, болжамды маршрутын, биіктікке көтерілу шебін (ұшу бейінін) ұшу бйіктігін (эшелонын) нақтылайды;

2) әуе кеңістігін пайдаланудың қысқа мерзімді шектеулерін әзірлейді, оларды әуе қозғалысын қамтамасыз ету органына жеткізеді;

3) әуе кеңістігін пайдаланудың қысқа мерзімді шектеулерін қою туралы әуе қозғалысын басқарудың бас орталығына баяндайды;

4) әуе кеңістігін пайдаланудың қысқа мерзімді шектеулердің іс-қимыл ауданындағы әуе жағдайын бақылайды және оны әуе қозғалысын басқару бас орталығына баяндайды ;

5) әуе кемесінің ұшып шығуы туралы ақпаратты әуе қозғалысына қызмет көрсету органына жеткізеді және әуе қозғалысын басқару бас орталығына баяндайды;

6) әуе кемесінің ұшуы туралы ақпаратты әуе қозғалысын басқару органынан алады.

3-параграф. Зілзала және өзге де аппаттар аудандарында, іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу аудандарында авиацияны қолдану кезінде әуе кеңістігін пайдалануды үйлестіру

39. Әуе қозғалысын басқарудың бас орталығының кезекші ауысымы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас командалық пунктінің жедел кезекшісінен іздестіру-құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету үшін әуе кемесінің жоспарланған ұшып шығуы туралы ақпаратты алғаннан кейін былай әрекет етеді:

1) міндетті және іс-қимыл ауданын айқындайды;

2) әуеайлақты және ұшып шығу уақытын, құрамын, әуе кемесінің түрлерін, экипаждардың шақыру белгілерін, ұшудың болжамды маршрутын, ұшу биіктігін (эшелонды) анықтайды;

3) іздестіру мен құтқару жөніндегі жұмыс жүзеге асырылатын жауапты аудандағы әуе қозғалысын басқару орталықтарына ұшу маршруты бойынша және іздестіру мен

құтқару ауданында әуе кеңістігін пайдаланудың қысқа мерзімді шектеулерін әзірлеуге және енгізуге нұсқаулар береді;

4) әуе қозғалысын басқару орталықтарының қысқа мерзімді шектеулерді енгізу туралы баяндамадан кейін әуе қозғалысын басқару бас орталығының ауысым бастығы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас командалық пунктінің жедел кезекшісін, сондай-ақ қатысты бөлігіндегі басқа да мүдделі органдарды (мекемелерді, ведомстволарды) қысқа мерзімді шектеулерді қою туралы хабардар етеді;

5) бағынысты әуе қозғалысын басқару орталықтарының баяндамалары бойынша әуе кемелерінің ұшуын бақылауды жүзеге асырады;

6) іздестіру мен құтқарудың үйлестіру (қосалқы) орталығымен байланыс орнатады.

40. Әуе қозғалысын басқару орталығының кезекші ауысымы іздестіру-құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету үшін әуе кемесінің жоспарланған ұшып шығуы туралы ақпаратты алғаннан кейін былай әрекет етеді:

1) міндетті және іс-қимыл ауданын айқындайды;

2) әуе қозғалысын басқару бас орталығы кезекші ауысымының бастығына баяндайды;

3) әуеайлақты және ұшып шығу уақытын, құрамын, әуе кемесінің түрлерін, экипаждардың шақыру белгілерін, ұшудың болжамды маршрутын, ұшу биіктігін (эшелонды) анықтайды;

4) қысқа мерзімді шектеулерді әзірлейді, әуе қозғалысына қызмет көрсету органына оларды жеткізеді;

5) қысқа мерзімді шектеулерді қою туралы әуе қозғалысын басқару бас орталығына баяндайды;

6) іздестіру мен құтқару ауданында әуе жағдайын бақылайды, оны әуе қозғалысын басқару бас орталығына баяндайды;

7) әуе қозғалысын басқару бас орталығына әуе кемесінің ұшып шығуы туралы баяндайды және әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарын хабардар етеді;

8) іздестіру мен құтқарудың үйлестіру (қосалқы) орталығымен байланыс орнатады.

4-параграф. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты жауынгерлік әзірлікке кенеттен тексеру жүргізу кезінде әуе кеңістігін пайдалануды үйлестіру

41. Әуе қозғалысын басқару бас орталығының кезекші ауысымы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас командалық пунктінің жедел кезекшісінен әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты (кезекші күштерді әуе

шабуылына қарсы қорғаныс бойынша көтеру, жауынгерлік әзірлікке кенеттен тексерулер жүргізу) жоспарланған қызмет туралы ақпаратты алғаннан кейін былай әрекет етеді:

1) іс-қимыл ниетін, ауданын және міндетін нақтылайды;

2) әуеайлақты және ұшып шығу уақытын, құрамын, әуе кемесінің түрлерін, экипаждардың шақыру белгілерін, ұшудың болжамды маршрутын, ұшу биіктігін (эшелонды) анықтайды;

3) қойылған міндетке сәйкес әуе қозғалысын басқарудың тиісті орталықтарына қысқа мерзімді шектеулерді әзірлеуге және енгізуге нұсқаулар береді;

4) әуе қозғалысын басқару орталықтарынан ақпаратты алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштері бас командалық пунктінің жедел кезекшісіне қысқа мерзімді шектеулерді қою туралы баяндайды;

5) бағынышты әуе қозғалысын басқару орталықтарының баяндамалары бойынша кезекші күштердің ұшып шығуын (жұмыстың басталуын), ұшуын бақылайды.

42. Әуе қозғалысын басқару орталығының кезекші ауысымы әуе қозғалысын басқару бас орталығынан әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты (кезекші күштерді әуе шабуылына қарсы қорғаныс бойынша көтеру, жауынгерлік әзірлікке кенеттен тексерулер жүргізу) жоспарланған қызмет туралы ақпаратты алғаннан кейін былай іс-қимыл жасайды:

1) әуеайлақты және ұшып шығу уақытын, құрамын, әуе кемесінің түрлерін, экипаждардың шақыру белгілерін, ұшудың болжамды маршрутын, ұшу биіктігін (эшелонды) анықтайды;

2) әуе кеңістігін пайдаланудың қысқа мерзімді шектеулерін әзірлейді және оларды әуе қозғалысына қызмет көрсету органына жеткізеді;

3) қысқа мерзімді шектеулерді қою туралы әуе қозғалысын басқарудың бас орталығына баяндайды;

4) қысқа мерзімді шектеудің әрекет ауданындағы әуе жағдайын бақылайды және оны әуе қозғалысын басқарудың бас орталығына баяндайды;

5) әуе кемесінің ұшуы (жұмыстың басталуы) туралы әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына хабарлайды және әуе қозғалысын басқарудың бас орталығына баяндайды.

5-бөлім. Әуеде және жерде әуе кемелерінің қозғалысын тікелей басқару

1-параграф. Әуеайлақтық және әуеайлақтан тыс ұшулар кезінде басқару

43. Әуеайлақтық, әуеайлақтан тыс ұшуларды, полигондардағы, әуеде оқ ату аймағындағы, десанттау және мақсатты арналған алаңдарындағы мемлекеттік авиацияның әуе кемелерінің ұшуын басқару ұшуға басшылық жасау топтары,

командалық пункттерінің есептоптары, авиацияны бағыттау пункттері, алдыңғы қатарлы авиациялық нұсқаушылар жүзеге асырады.

44. Жерде және әуеде әуе кемелерінің қозғалысын басқару, басшылық жасау кезінде радиобайланыс, бағдаршам мен сигнал берушілер сигналдары, көрсеткіштер, белгілер, сигнал беру зымырандары пайдаланылады.

45. Радиобайланыс істен шыққан кезде жерден әуе кемелерінің экипаждарына қайталанатын командалар беру құралдары зымырандар, түрлі түсті түтіндер, жалаушалар, ұшу-қону жолағының оттары, сигналды төсемдер мен белгілер, жетекті радиостанциялар таратқыштар, ал әуеде ұшақ эволюциясы мен аэронавигациялық оттардың жанып-сөнуі болып табылады.

46. Ұшу жетекшісі әуе кеңістігін пайдалануға шарттарды, ұшулар жасауға рұқсатты , басқару пункттерінің жұмысқа әзірлігін, байланыс және радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарын, объективті бақылау құралдары мен ұшуларға басшылық жасау топтары адамдарының әзірлігін тексеріп, ұшуды бастайды.

47. Ұшыру тапсырмасына байланысты қозғалтқышты (қозғалтқыштарды) іске қосуға команданы ұшу жетекшісі немесе жедел кезекші (алыс аймақтағы ұшу жетекшісі) береді.

48. Ұшуда әуе кемелерін басқару процесінде ұшу басшысы және оның көмекшісі қауіпсіздік шараларының сақталуын қадағалайды.

49. Ұшу жетекшісі ұшып шығу үшін радио немесе бағдаршам бойынша ұшу-қону жолағына жермен жүргізуге рұқсатты жүзеге асырады.

50. Ұшақты ұшу-қону жолағына жермен жүргізген кезде ұшу тапсырмасын нақтылайды және осы экипаждың тапсырмаға кету тәртібін ойластырады, ұшып шығу секторында бөгде нысаналардың болмауына айнала шолу индикоторы бойынша көз жеткізеді. Нысаналардан ұшып шығу секторында белгілер анықталған кезде, ол туралы ұшу жетекшісіне дереу баяндайды.

51. Ұшқыштың ұшып шығуға әзірлігі туралы баяндамасынан кейін ұшу-қону жолағындағы және ұшып шығу секторындағы жағдайды бағалап, ұшып шығу қауіпсіздігіне кепілдік беретін уақыт арақашықтығымен ұшып шығуға (радио және бағдаршам бойынша) рұқсат береді (бермейді).

52. Ұшып шығу мынадай жағдайларда жүргізілмейді:

1) ұшу-қону жолағында кедергілер болған;

2) қонуға кірген ұшақ екінші айналымға кеткен;

3) ұшақта, қозғалтқышта немесе құрал-жабдықта ақаулықтар анықталған.

53. Ұшу жетекшісі және оның көмекшісі көз көрерлік шекте ұшып шығатын ұшаққа бақылау жүргізеді. Форсажды қосу, жылдамдықты алуда бағытты ұстау, бағытты ұстау және жерден көтерілгеннен кейін биіктікті алу бұрышын бақылауға жатады. Ұшқыш қателік жіберген жағдайда ұшу жетекшісі топтарының көрсетілген адамдары оны жөндеуге команда береді.

54. Ұшу жетекшісі (жақын аймақтағы) ұшып шыққан ұшақты анықтаумен айналаны шолу индикаторында ұшу бағытын, белсенді жұмыс істейтін борт аппаратурасының жұмысын және тапсырмаған кету үшін маршруттың құрылу дұрыстығын қадағалайды, басқа ұшақтарға және құстар тізбегіне қауіпті жақындауын болдырмайды.

55. Таяу аймақтағы тапсырманы орындау кезінде ұшу жетекшісі ұшақтардың қозғалысын басқаруды (жақын аймақ) жүзеге асырады. Ұшу жетекшісі (жақын аймақ) экипаждарға биіктікті (эшелонды) айқындайды, пилотаждық аймақтарды, күту аймақтарын алуға және босатуға, жетекті радиостанцияға (радиомаякқа) шығуға, күту аймағына кіруге, шеңберге кіру және одан шығуға командалар береді, қонуға тікелей, 180 градусқа екі бұрылыспен, қорапша бойынша, айналма бойынша, "Қайтару" режимінде, шептен, кіру кезіндегі ұшақтардың қозғалысын басқарады.

56. Қашық аймақтағы экипажды басқаруды жүзеге асыратын (қашық аймақ) ұшу жетекшісі (жақын аймақтағы) командалық пункт есептобының жұмысын ұйымдастырады.

57. Ұшу жетекшісі (қашық аймақ) ұшуды жүзеге асыру кезінде былай әрекет етеді:

1) радиолокациялық станциялардың, автоматтандырылған басқару жүйелері есептоптарының жұмысын бақылайды;

2) өз аймағында ұшақтардың қозғалысын басқарады;

3) офицердің жұмысын бақылайды (жауынгерлік басқару жөніндегі);

4) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

5) экипаждарды басқаруды тапсырады және қабылдайды.

Ұшу тапсырмаларының сипатына байланысты (қашық аймақ) ұшу жетекшісі жақын аймақтағы әуе кеңістігіндегі экипажды басқарады.

58. Ұшу жетекшісінің (қашық аймақ) басқаруындағы (полигондағы, десанттау немесе арнайы мақсаттағы алаңдағы жетекшісі) экипаждар тапсырманы орындағаннан кейін ұшу жетекшісі (жақын аймақтағы):

1) экипаждарды басқаруды қабылдайды;

2) әуе жағдайын бағалайды, жағармай қалдығын нақтылайды;

3) қону бағдарына шығу үшін ұшақтар ағынын қалыптастырады.

59. Ұшу жетекшісі (қону аймағының) ұшу жетекшісінен (жақын аймақ) қонуға кіру тәсіліне байланысты емес қону курсына бұрылысты бастауда қону аймағының шегінде экипаждарды басқаруды қолына алады. Ерекшелікті қону курсының желісінде бола отырып, ұшақ қонуға кіргенде шептен кіруді құрайды. Осындай жағдайда экипажды басқару ұшақ қону аймағына кіргеннен кейін қабылданады.

60. Экипажды басқаруды қабылдап, ұшу жетекшісі диспетчерлік радиолокаторды айнала шолу индикаторын және 60 километр масштабта қону радиолокаторының индикаторын, ал осы әуеайлақта айналып ұшумен қону радиолокаторының әрекет ету аймағынан 20 километр қашықтықта және жақын шекараға дейін, курс және глиссада индикаторларын 20 километр масштабта пайдалана отырып оны басқарады.

61. Ұшу жетекшісі (қону аймағының) экипажды басқаруды қабылдап:

1) қону курсына экипаждардың дұрыс кіруін;

2) ұшақтар арасындағы қауіпсіз арақашықтықты ұстауды;

3) курс пен төмендеу глиссадасына қатысты ұшақтардың қозғалу дәлдігін қамтамасыз етеді.

Ұшқыштың "ұшу жолағын көріп тұрмын" деген баяндамасынан кейін қону аймағының жетекшісі, қажет болған кезде тиісті командалар бере отырып, ұшақтың ұшуын бақылауды жалғастырады.

62. Төмендеу глиссадасында ұшақтың ұшуы көз көрерлік анықталған сәттен бастап, ұшу жетекшісінің көмекшісі мен ұшу жетекшісі мыналарды бақылайды.

1) ұшу-қону жолағына кіру бағыты мен ұшу биіктігін;

2) шассиді шығаруды, қанаттың орналасуын;

3) қону курсы мен ұшу-қону жолағында құстардың болмауын;

4) түзеу және жерге қону сәтін;

5) жол жүру бағытын, тежегіш парашютті шығаруды және тежеу процесін;

6) ұшу-қону жолағын босатуды және тұраққа кіруді.

2-параграф. Шекара жолағында ұшуды басқару

63. Шекара маңындағы жолақта әуе кеңістігін пайдалануға өтінімді (ұшу жоспары) әуе кеңістігін пайдаланушы әуе қозғалысын басқару бас орталығына ұсынады.

64. Шекара маңындағы жолақта қызметті жүзеге асыру кезінде мемлекеттік авиация әуе кемелерінің экипаждары әуе қозғалысын басқару (әуе қозғалысына қызмет көрсету) орталықтарына ұшу маршруттары, әуеайлақтардан (тікұшақ алаңдарынан) ұшып шығу (қону) туралы баяндайды.

65. Әуе кемесінің ұшуын тікелей басқаруды жүзеге асыратын ол туралы әуе қозғалысын басқару органына (әуе қозғалысына қызмет көрсету) баяндай отырып, шекара маңындағы жолақта ұшуды орындау кезінде, сондай-ақ әуе трассаларынан немесе маршруттардан тек Қазақстан Республикасының аумағына тереңдікке ұшуды орындау кезінде әуе трассасынан немесе маршруттардан мәжбүрлі ауытқулар жасауға жол беріледі.

66. Мәжбүрлі ауытқу жағдайларында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын бұзуға қатер төнген кезде әуе кемесінің командирі тапсырманы орындауды тоқтатады, ұшып шыққан әуеайлаққа қайтаруды жүзеге асырады немесе жақын арадағы қосалқы әуеайлаққа (алаңға) ұшуды тікелей басқаруды жүзеге асыратын әуе қозғалысын басқару (әуе қозғалысына қызмет көрсету) орталығына ол туралы баяндаумен қонуды жүргізеді.

67. Әуе қозғалысын басқару органдары индикаторларда (жалпы әуе жағдайы планшеттерінде) шекара маңындағы жолақтың желісін нақты белгілеумен мемлекеттік шекараны, шек қоятын азимут пен пеленгіні енгізеді.

68. Ұшуға басшылық жасау тобының адамдары, басқару пункттерінің есептоптары (кезекші ауысым) ұшуға даярлық процесінде мыналарды зерделейді:

1) мемлекеттік шекараның (аумақтық сулардың) орналасуын;

2) пароль сандарын, оларды пайдалану тәртібін, сондай-ақ белгіленген тану сигналдарын;

3) шектеулі азимуттар мен радиопелегі мәндерін;

4) халықаралық әуе трассасы бойынша ұшатын әуе кемелерінің ұшып өту орындары мен тәртібін;

5) бағдарын жоғалтқан экипаждарды басқару тәртібін.

69. Ұшуға басшылық жасау тобының адамдары, басқару пункттерінің есептоптары (кезекші ауысым) ұшу процесінде былай әрекет етеді:

1) мемлекеттік шекараны бұзуды болдырмау мақсатында радиолокациялық бақылау аймағындағы әрбір экипаждың ұшуын үздіксіз бақылайды;

2) жалған командалар анықталған жағдайда парольдік сандар пайдаланылады;

3) экипаж бағдарды жоғалтқан кезде мемлекеттік шекаралардың кесіп өтуін болдырмайтын дереу ұшу курсын береді.

3-параграф. Әуе қозғалысын басқару органдары мен әуе кемелерінің экипажы арасындағы радиоалмасу

70. Жалпы әуе қозғалысында ұшу орындау кезінде экипаждар радиоалмасуды Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 15 қазандағы № 454 бұйрығымен бекітілген Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 6635 болып тіркелген) сәйкес жүргізеді.

71. Радиоалмасу жүргізу кезіндегі жалпы қабылданған қысқартулар, хабарлама (нұсқау) негізгі терминдерінің анықтамалары, ұшудың әртүрлі кезеңдерінде әуе кемесінің қозғалысын басқару кезіндегі стандартты тіркестер осы Нұсқаулыққа 2-қосымшасында мазмұндалған.

72. Ұшуды орындауға, оларды қамтамасыз етуге және әуе қозғалысын басқаруға тікелей қатынасы жоқ радиоалмасуды жүргізуге жол берілмейді.

73. Әуе қозғалысын басқару органының экипажға ұшып көтерілу уақытында, қонуға бет алудың соңғы сатысында немесе қону кезінде жүру уақытында (қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда) хабарлама беруге жол берілмейді.

74. Қажет емес таралымды тоқтату мақсатында әуе қозғалысын (экипажды) басқару органы бастапқы шақыруға жауап беруге дайындалатын кезеңде байланысқа екінші шақыру жағдайға байланысты 5-10 секундтан кейін жүзеге асырылады.

75. Әуе қозғалысын басқару органы бірнеше әуе кемесінің экипажы бір уақытта шақырған кезде қалыптасқан жағдайға сүйене отырып, әуе кемелерімен байланыс орнату тәртібіне қатысты шешім қабылдайды.

76. Әуе кемесінің экипаждары арасында әуе қозғалысын басқару органы жиілігінде радиобайланыс сеансын өткізу кезінде әуе қозғалысын басқару органының келісуі қажет. Қысқа радиоалмасу кезінде және топтық ұшуда келісу қажет емес.

77. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты жеке жағдайларда стандартты фразеологиядан ауытқуларымен радиосөйлесулер жүргізуге жол беріледі.

78. Радиоалмасу жүргізу кезінде әуе қозғалысын басқару органдары және әуе кемесінің экипаждары үшін олардың жиі және кеңінен қолданылуына байланысты түсінікті болып табылатын қысқартулар қолданылады.

79. Радиоалмасу фразеологиясында қолданылатын қысқа және бір мағыналы сөздер мен сөз тіркестерін қолдану жауаптылық ауданында маневр орындау кезінде әуе қозғалысын басқару органдары мен экипаждарды дұрыс және уақтылы хабардар ету үшін қажет. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экипаждарға басқа әуе кемелерінің болуы және бір біріне қатысты орналасуы туралы, әсіресе көру мүмкіндігі нашар жағдайларында (радиосақтану тәртібінде), хабардар ету қажет.

80. Радиоалмасу кезінде жиі және көп сөзді командаларға жол берілмейді.

81. Жүргізіліп жатқан радиоалмасуға араласуды болдырмау мақсатында ақпарат беруді жүзе асыру (байланысқа шығу) алдында жиілікті тыңдап шығу қажет.

82. Радиоалмасуды енгізу кезінде:

1) сөздері анық және нақты қалыпты диалогтік өріс қолданылады, сөйлеу жылдамдығы минутына 100 сөзден көп емес;

2) дыбыс көлемі тұрақты деңгейде сақталады;

3) кідіріс кезінде "э-э-э", "а-а-а" сияқты дыбыстарды пайдаланбау ұсынылады;

4) ақпарат беру (байланысқа шығу) алдында таратқыштың ауыстырып-қосқышын (пернесін, батырмасын) тірелгенге дейін басу және хабарлама аяқталғанға дейін жібермеу қажет;

5) ақпарат берілгеннен кейін таратқыштың өшірілгеніне көз жеткізу қажет.

83. Радиоалмасу жүргізу кезінде жалқы есімдердің, қызметтік қысқартулардың және жекелеген сөздердің айтылуы күмән туындатса, ақпарат әріппен беріледі.

84. Орыс және ағылшын әліпби әріптерінің айтылуы мен сәйкестігі, нөмірлер мен сандарды беру нысаны осы Нұсқаулыққа 3-қосымшада мазмұндалған.

85. Әуе қозғалысын басқару органы экипажбен радиобайланыс орнату кезінде әрқашан өзінің толық радиотелефондық шақыруын көрсетеді.

86. Әуе қозғалысын басқару органы байланысқа шыққан кезде мыналарды береді:

1) әуе кемесінің шақыруын;

2) әуе қозғалысын басқару органының шақыруын;

3) хабарлама (ақпарат, нұсқау).

87. Экипаж жауап берген кезде мыналар беріледі:

1) әуе кемесінің шақыруы;

2) стандартты сөздер (фразалар) нысанындағы ақпарат немесе әуе қозғалысын басқару органының нұсқауларын қайталау;

88. Әуе қозғалысын басқару органы байланыстағы әуе кемелеріне ақпарат беру қажет болған жағдайда "барлық борттарға" -"all stations" деген сөздерді қолданады.

89. Әуе кемесінің экипажы өзі соның басқаруындағы әуе қозғалысын басқару органының радиобайланыс арнасын (жиілігін) үздіксіз тыңдап отырады.

90. Жауапкершілік ауданының шекарасын (басқаруды беру шептерін) кесіп өткен кезде әуе қозғалысын басқару органы әуе кемесінің экипажына шектес (қосалқы) әуе қозғалысын басқару органымен байланыс орнату туралы нұсқау береді немесе бір жиіліктен екіншіге ауысу туралы команда береді.

91. Басқа әуе қозғалысын басқару органымен байланысқа ауысу тек басқаруды жүзеге асыратын әуе қозғалысын басқару органынан рұқсат алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

92. Әуе кемесінің экипажы көрсетілген жиілікте байланыс орната алмаған кезде өзі соның басқаруында болған әуе қозғалысын басқару органының алдындағы жиілігіне қайтады және ол туралы баяндайды.

93. Әуе қозғалысын басқару органы белгіленген жиілікте ұшуды одан әрі орындау бойынша әуе кемесінің экипажына "тыңдау"-"monitor" деген команда береді.

94. Әуе қозғалысын басқару органдары иесін көрсетпей нұсқаулар мен руқсаттарды бермейді, ал экипаждар орындамайды.

95. Экипаж ақпаратты қабылдаған кезде бақылау үшін әуе қозғалысын басқару органынан алынған мыналарды қайталайды:

1) типтіктерден өзгеше немесе бұдан бұрын қабылданған шешімдерді (немесе ұшу режимін) өзгертуді талап ететін хабарламалар;

2) ұшу-қону жолын кесіп өтуге, ұшып көтерілуге, ұшу-қону жолағына орналасуға (егер әуеайлақтың аэронавигациялық паспортында өзге көзделмесе), қонуға бет алу, қонуға, ұшу эшелонын (биіктігін) өзгертуге рұқсат ету немесе тыйым салу;

3) қабылданған және биіктік өлшегіште белгіленген қысымның мәні;

4) берілген уақыт мәні;

5) ұшудың берілген эшелоны (биіктігі);

6) берілген ұшу курсының мәні;

7) ұшу-қону жолағының жұмыс бағыты магниттік жол бұрышының (таңбаланған нөмірі) мәні;

8) берілген ұшу жылдамдығы;

9) берілген байланыс жиілігінің (арнасының) мәні.

Әуе қозғалысын басқару органы көрсетілген хабарламаларды әуе кемесі экипажының қайталауы болмаған кезде әуе кемесінің экипажынан қайталауды сұрайды .

Әуе кемесінің экипажы хабарламаны немесе нұсқауды дұрыс қайталамаған кезде әуе қозғалысын басқару органы "қателік"-"negative" командасын береді, содан кейін дұрыс хабарламаның немесе нұсқаудың мазмұны айтылады.

Әуе кемесінің экипажы алған хабарламаны немесе нұсқауды орындау мүмкін болмаған кезде әуе кемесінің экипажы "орындай алмаймын" - "unable to comply" сөздерін қолдана отырып, ол туралы әуе қозғалысын басқару органына баяндайды.

96. Радиоүнсіздік режимін әуе кемесінің экипажына жедел көмек көрсету үшін әуе қозғалысын басқару органы немесе апатқа ұшыраған әуе кемесі экипажының өзі енгізеді.

97. Әуе қозғалысын басқару органы радиоүнсіздік режимін жедел көмекке мұқтаж әуе кемесінің экипажы жұмыс істеген кезде немесе басқа да әуе кемелері сияқты сол бір жилікте хабарлама режимін енгізеді.

98. Әуе кемелерінің экипаждары радиоүнсіздік режимін енгізген кезде:

1) авариялық жағдай туындаған жағдайлардан басқа, осы әуе қозғалысын басқару органының радиожүйесінде барлық берулерді тоқтатады және тек қабылдауға жұмыс істейді;

2) байланысқа тек әуе қозғалысын басқару орталығының шақыруымен ғана шығады .

99. Радиоүнсіздік режимін жою әуе кемесінің экипажына жедел көмек көрсетілгеннен кейін немесе оған хабарлама берілгеннен кейін жүзеге асырылады.

4-параграф. Ұшуда ерекше жағдайлар туындаған кезде әуе қозғалысын басқару

100. Экипаж командирі ұшу жетекшісінің командасы бойынша немесе өзінің шешімі мен орналасқан орны туралы ұшу жетекшісіне баяндаумен (уақыт болған кезде) әуе кемесін тастап кетуге дербес шешім қабылдайды.

101. Әуе кемесінің экипажынан әуеайлақтық ұшуларды орындау кезінде әуе кемесін тастап кетуі туралы баяндама алған кезде ұшу жетекшісі:

1) уақыт болған кезде ұшқышқа (экипажға) автопилотты ажырату, мемлекеттік тану жүйесінің негізгі ақпаратын өшіру және қозғалтқыштарды сөндіру туралы есіне салады ;

2) ұшу ауысымының үлкеніне, жоғары тұрған командалық пунктке және әуе қозғалысын басқару орталығына баяндайды;

3) экипажға көмек көрсету үшін әуе кемесін тастап кеткен ауданға іздестіру-құтқару ұшағын (тікұшағын) және жерүсті іздестіру-құтқару командасын жібереді.

102. Әуе кемесінің экипажынан әуеайлақтық ұшуды орындау кезінде әуе кемесін тастап кетуі туралы баяндама алған кезде ұшуды басқару тобының адамдары:

1) радиолокациялық құралдардың индикаторларында ұшақты тастап кеткен орынды және құлауы мүмкін орынды белгілейді;

2) сол ауданға іздестіру-құтқару тікұшағын (ұшағын) шығарады.

103. Әуе қозғалысын басқару орталығының кезекші есептобы (кезекші ауысым) әуе кемесінің экипажынан ұшып өтуді (әуе кемесін ұшырып апаруды) жүзеге асыру уақытында әуе кемесін тастап кетуі туралы баяндама алған кезде:

1) уақыт болған кезде ұшқышқа (экипажға) автопилотты ажырату, мемлекеттік тану жүйесінің негізгі ақпаратын өшіру және қозғалтқыштарды сөндіру туралы есіне салады ;

2) жоғары тұрған командалық пунктке және әуе қозғалысын басқару бас орталығына шақыру мен тастап кеткен орнын баяндайды;

104. Әуе кемесінің экипажынан әуеайлақтық ұшуды орындау кезінде әуе кемесін тастап кетуі туралы баяндама алған кезде жоғары тұрған командалық пункттің кезекші есептобы (ауысымы):

1) іздестіру-құтқару күштер мен құралдарын белгілейді;

2) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орталық және аумақтық органдарының кезекші қызметтеріне хабарлама береді;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1296 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға (бұдан әрі Ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидалар) сәйкес әрекет етеді.

105. Әуе қозғалысын басқару орталығының кезекші ауысымы әуе кемесінің экипажынан әуеайлақтық ұшуды орындау кезінде әуе кемесін тастап кетуі туралы баяндама алған кезде:

1) әуе кемесін тастап кеткен орынды жалпы әуе жағдайы планшетіне түсіреді;

2) авариялық жиілікте авариялық маяк сигналдарын тыңдау (ұшқыштың хабарламаларын беру) үшін азаматтық әуе кемелерін тарту бойынша әуе қозғалысына қызмет көрсетудің азаматтық органымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

3) жауапкершілік ауданындағы әуе жағдайын талдайды;

4) маршрут бойынша және әуе кемесін тастап кеткен ауданға кезекші іздестіру-құтқару әуе кемелерін жолдау кезінде іздеу ауданында ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әуе кеңістігін пайдаланудың қысқа мерзімді шектеулерін әзірлейді және енгізеді.

106. Негізгі немесе қосалқы әуеайлақтан тыс әуе кемесін мәжбүрлі қондыру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) авиациялық техниканың істен шығу;

2) ауа-райының қауіпті құбылыстарымен кездесу;

3) бағдар жоғалту;

4) отын жетіспеушілігі;

5) ұшуды жалғастыру мүмкін болмағанда, экипаж мүшелерінің немесе жолаушы денсаулығының нашарлауы (жарақаттануы);

6) экипаж бен жолаушылар қауіпсіздігіне қауіп төну.

Әуе кемесін тастап кету мүмкін болмаған немесе ұшақ бортында жеке құтқару құралдарынсыз жолаушылар (десанттың жеке құрамы) болған жағдайларда экипаж командирі мәжбүрлі түрде қонуға шешім қабылдайды және ол туралы ұшу жетекшісіне баяндайды.

107. Ұшу жетекшісі әуеайлақтан тыс мәжбүрлі түрде қонуды орындауға шешім туралы баяндама алғаннан кейін:

1) "Апат" сигналын қосу туралы экипаждың есіне салады;

2) ұшу ауысымының үлкеніне, жоғары тұрған командалық пунктке және әуе қозғалысын басқару орталығына баяндайды;

3) ұшуды басқару тобын және командалық пункт есептобын мәжбүрлі түрде қонуға баратын әуе кемесін бақылауға бағыттайды;

4) одан әрі әуеге әуе кемелерін шығаруды тоқтатады;

5) әуедегі экипаждар арасында радиоалмасуды минимумға дейін шектейді;

6) іздестіру-құтқару күштері мен құралдарын әзірлікке келтіреді;

7) мәжбүрлі түрде қонуды орындаған әуе кемесін іздеуді ұйымдастырады;

108. Басқа әуе қозғалысын басқару орталығының басқаруында болған (ұшып өту, ұшырып апару, арнайы тапсырманы орындау кезінде) әуе кемесі әуеайлақтан тыс мәжбүрлі түрде қонуды жүзеге асырған кезде әуе қозғалысын басқару орталығы:

1) "Апат" сигналын қосу туралы экипаждың есіне салады;

2) қону орнын айқындау үшін барлық қолда бар құралдарды пайдалана отырып, әуе кемесінің ұшуына бақылауды жүзеге асырады;

3) жоғары тұрған командалық пунктке және әуе қозғалысын басқару орталығына нақты (есепті) қонған орны мен уақытын баяндайды.

109. Әуе кемесі әуеайлақтан тыс мәжбүрлі түрде қонуды жүзеге асырған кезде жоғары тұрған командалық пункт:

1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орталық және аумақтық органдарының кезекші қызметтеріне хабарлама береді;

2) Ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға сәйкес әрекет етеді.

110. Әуе кемесі әуеайлақтан тыс мәжбүрлі түрде қонуды жүзеге асырған кезде әуе қозғалысын басқару орталығының кезекші ауысымы:

1) әуе қозғалысын басқару органының ақпараты (экипаж баяндамасы) бойынша, маршрут салу әдісімен әуе кемесін мәжбүрлі түрде қондыру орнын айқындайды;

2) әуеайлақтан тыс мәжбүрлі түрде қонуды жүзеге асырған (соның ішінде авариялық жиіліктерде) әуе кемесімен байланысты қалпына келтіру үшін азаматтық әуе кемелерін тарту бойынша әуе қозғалысына қызмет көрсететін азаматтық органмен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

3) жауапкершілік ауданында әуе жағдайын талдайды;

4) маршрут бойынша және әуе кемесі мәжбүрлі түрде конған ауданға кезекші іздестіру-құтқару әуе кемелерін жолдау кезінде іздеу ауданында ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әуе кеңістігін пайдаланудың қысқа мерзімді шектеулерін әзірлейді және белгілейді.

111. Экипаж онда ұшуға дайындалмаған метеорологиялық жағдайларға түскен кезде ұшу жетекшісі өзі немесе басқару тобының адамдары арқылы:

1) экипажға тапсырманы орындауды тоқтату туралы команда береді;

2) отын қалдығын нақтылайды;

3) әуе жағдайы мен метеорологиялық жағдайды талдайды;

4) экипажды бұлт астына немесе бұлттан жоғары шығарады;

5) оны экипаждың дайындық деңгейіне сәйкес келетін метеорологиялық жағдайлар бар ауданға немесе қосалқы әуеайлаққа жібереді;

6) ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарының көмегімен ұшуды үздіксіз бақылайды;

7) экипажды қондыру үшін өзінің немесе қосалқы әуеайлаққа шығарады.

112. Ұшу жетекшісі қабылданған шешімдерді ұшу ауысымының үлкеніне баяндайды және жұмысқа ұшуды қамтамасыз етудің барлық радиожарықтехникалық құралдарын қосады. Күндіз ұшу кезінде ұшу-қону жолағының басында қонуға бет алған ұшаққа қарама-қарсы 3 градус бұрышынан сәуле түсіріп, жарық шашыратқышы шешілген қондыру прожекторлары орнатылады.

113. Ұшу жетекшісі командалық пункт есептобына, ұшуды басқару тобына және экипажға ұшуға бет алу әдісін хабарлайды, бұл ретте ұшақты қону курсына кері бұрылу басталатын нүктеге шығару кезінде және қону курсында төмендеу кезінде, әсіресе қашықтағы жетекті радиомаркерлік пункттен ұшып өткеннен кейін ұшақ экипажының басқаруын бақылауды және сенімділігін күшейтуге назар аударады. Қону курсында төмендеудің ең аз биіктігі әрбір экипаж үшін оның ауа райы минимумына және әуеайлақтың техникалық жабдықталуына байланысты айқындалады.

114. Ұшу жетекшісі экипаж оған көрсетілген ең аз биіктікке төмендегеннен кейін бұлт астына шықпаған кезде:

1) екінші айналымға кету туралы команда береді;

2) қонуға қайта кіру тәсілін көрсетеді.

115. Ұшу жетекшісі әуеайлаққа (қосалқы әуеайлаққа) немесе қонуға жарамды алаңдарға қауіпсіз қонуды қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде отынның толық

пайдалануына жол бермей, баратын курсын, ұшу биіктігі мен жылдамдығын көрсете отырып, ұшақты тастап кету ауданына баруға команда береді.

Ұшуды басқару тобы радиолокациялық құралдардың көмегімен ұшақты тастап кету орнын белгілейді және көмек көрсету үшін іздестіру-құтқару әуе кемесі мен жерүсті іздестіру-құтқару командасын жібереді.

116. Ауа райының қысқа уақытқа нашарлаған кезде ұшу жетекшісі, егер отын қалдығы мен жағдайдың мүмкіндікгі болса, әуе кемелерін (топтарды) күту аймағына жібереді (эшелондалады).

117. Әуе кемесінің экипажы әуеайлақ ауданында бағдарын жоғалтқан кезде (бағдар жоғалту фактісін экипаж баяндамасы немесе басқа да деректер бойынша ұшуды басқару тобының адамдары анықтайды) ұшу жетекшісі:

1) "Апат" сигналын қосуға және жерүсті радиостанциясымен радиобайланыс жиілігінде бағдар жоғалту туралы "Полюс" немесе "Апатқа ұшырадым" ("SOS") сигналын беруге команда береді;

2) ұшу биіктігін және отын қалдығын нақтылайды;

3) командалық пункт есептобы мен ұшуды басқару тобын осы әуе кемесіне бақылауды күшейтуге бағыттайды;

4) бағдарын жоғалтқан экипаждың ұшуы аяқталғанға дейін әуе кемесін шығаруды тоқтатады.

Ұшу жетекшісі қажет болған кезде экипажға шеңберге тұру, ұшудың барынша ұзақ режимін белгілеу, ұшу қауіпсіздігін, жергілікті жерді анағұрлым жақсы шолуды және жерүсті радиолокациялық станциялардың ұшақты анықтауға жағдайларды қамтамасыз ететін биіктікке орналасу командасын береді.

118. Бағдар мемлекеттік шекара маңында жоғалтылған кезде ұшу жетекшісі Қазақстан Репсубликасының аумағына қарай ұшу курсы мен уақытын береді.

119. Таулы аудан маңында бағдар жоғалтылған кезде экипажға ұшу жетекшісі (әуе қозғалысын басқару органы) ұшудың қауіпсіз биіктігін хабарлайды.

120. Ұшуды басқару тобының адамдары ұшақты тану үшін радиопеленгаторды, белсенді жауап жүйесін, "Апат" сигналын, жақын навигация радиотехникалық жүйесінің аппаратурасын тану режимін және экипаждың өз іс-қимылдары туралы баяндауларын пайдаланады.

121. Ұшу жетекшісі (қашық, жақын аймақта) радиолокациялық станцияның айнала шолу индикаторында әуе кемесінен белгіні қадағалау кезінде және екіжақты радиобайланыс бар болған кезде әуе кемесін таниды, оның координаталарын айқындайды, отын қалдығын және қажетті деректерді сұратады, ұшу жетекшісіне баяндайды, ал ол шешім қабылдайды және ұшуды басқару тобының адамдарына экипажды басқару бойынша міндет қояды.

122. Әуе кемесімен радиобайланыс болмаған кезде (радиолокациялық станцияның айнала шолу индикаторында ұшақтан белгі байқалады) әуе қозғалысын басқару орталығының кезекші ауысымы:

1) әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, оны бақылауды күшейтеді;

2) оны әуеайлаққа шығару үшін белгіленген командалар береді;

3) ұшақ-ретрансляторды пайдаланады;

4) бағдарын жоғалтқан экипажды қону әуеайлағына шығару үшін жетекші ұшақты бағыттайды (нысананы көрсетеді).

123. Ұшу жетекшісі радиолокациялық станциялардың индикаторларында әуе кемесінен белгі болмаған кезде, бірақ экипажбен радиобайланыс болған кезде әуе кемесінің орналасқан орнын және оның ұшу бағытын айқындау үшін автоматты радиопеленгаторды пайдаланады. Пеленгтің электрондық сызығы бойынша (экипаж радиохабарламаны берген сәтте) радиолокациялық станцияға қатысты әуе кемесінің азимутын айқындап, ұшқышқа әуеайлаққа курс береді ("Соқпа толқын" беріледі). Ұшқыш бірнеше жүйелік пеленгілеу арқылы берілген курсқа кері бұрылғаны туралы баяндағаннан кейін пеленгтің сандық мәні өзгеріссіз қалатынына көз жеткізеді. Ұшу бағытын айқындауда қателікті болдырмау мақсатында ұшқышқа 90 градусқа солға қарай бұрылуға команда береді, бірнеше жүйелік пеленгілеуді жүргізеді. Егер пеленгтің сандық мәні ұлғайса, әуе кемесі радиопеленгаторға, егер азайса, радиопеленгатордан ұшады. Ұшу бағытын айқындап, ұшқышқа әуеайлаққа курс береді және оның ұшуын бақылауды жүзеге асырады.

124. Ұшу жетекшісі бағдарды жоғалтқаны туралы баяндаманы ұшып жүрген экипаждар арқылы алған кезде (әуе кемесі радиолокациялық станциялар экрандарында бақыланбайды және онымен тікелей байланыс жоқ) ұшу жетекшісі немесе аймағында (жауапкершілік ауданында) бағдар жоғалған әуе қозғалысын басқару органы мынадай тәртіппен әрекет етеді:

1) ол туралы ұшу ауысымының жетекшісіне, жоғары тұрған командалық пунктке, әуе қозғалысын басқару орталығына дереу баяндайды;

2) бұл ретте экипаждың шақыру белгісін, ықтимал орналасқан орнының ауданын және ұшу биіктігін көрсете отырып, экипажды анықтау және оған көмек көрсету үшін олардың құралдарын пайдалану мақсатында жақын арадағы әуеайлақтарға бағдардың жоғалғаны туралы хабарлайды.

125. Әуе қозғалысын басқару орталығының кезекші ауысымы әуе кемесінің бағдарды жоғалтқаны туралы ақпаратты алған кезде мынадай тәртіппен әрекет етеді:

1) ақпарат алған уақытты жазады;

2) әуе кемесі басқаруында болған органнан әуе кемесінің түрі, оның шақыру белгісі, әуе кемесінің командирі мен оның минимумы, ұшу биіктігі, ұшып көтерілу уақыты, отын қалдығы, ұшу маршруты, әуе кемесінің шеткі орналасқан орны, басқару жиілігі,

бағдарды жоғалтудың мүмкін себебі туралы ақпаратты және басқа да қажетті ақпаратты сұратады;

3) әуе кемесінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты қызметті (оқ атулар, зымырандарды ұшыру, жару жұмыстары) тоқтата тұрады;

4) аэронавигациялық ұйымның екінші және бірінші радиолокаторларымен әуедегі жағдайды бақылауды күшейту үшін және әуе кемесінің орналасқан орнын айқындау мақсатында бағдар жоғалтқан әуе кемесі туралы ақпаратты әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына жеткізеді;

5) әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарынан алған ақпаратты бағдар жоғалтқан әуе кемесін тікелей басқаруды жүзеге асыратын әуе қозғалысын басқару органына жеткізеді;

6) таяу (қосалқы) әуеайлақта әуе кемесінің қонуын орындау үшін қысқа мерзімді шектеулерді әзірлейді және белгілейді.

126. Ұшуға басшылық жасау тобының адамдары әуе кемесін өзінің немесе басқа әуеайлаққа шығару мүмкін болмаған, ал әуеайлақтан тыс мәжбүрлі қонуды орындау қауіпсіздікті қамтамасыз етпеген кезде, мынадай тәртіппен әрекет етеді:

1) ұшақты қауіпсіз ауданға шығарады;

2) экипажға ұшақты тастап кетуге команда береді.

127. Әуе қозғалысын басқару орталығы экипаж командирінен әуе кемесі жүйелерінің (жабдығының) істен шығуы туралы баяндауды алғаннан кейін мынадай тәртіппен әрекет етеді:

1) оның орналасқан орнын айқындайды;

2) оның ұшуын бақылайды;

3) ақпаратты ұшу әуеайлағын басқару органына жеткізеді.

128. Істен шығу дәрежесін және одан әрі ұшуды орындау мүмкіндігін ескере отырып, ұшу жетекшісі хабарламаны алып, мынадай тәртіппен әрекет етеді:

1) әуе кемесінің орналасқан орнын нақтылайды;

2) экипаждан, егер туындаған ахуал экипаж өміріне тікелей қатер төндірмесе, әуе кемесіндегі ақаулықтың сипаты туралы анағұрлым толық ақпарат алады;

3) жағдайды нақтылайды;

4) ұшу жетекшісіне жадынаманы пайдалана және консультация үшін ұшудың аға инженерін тарта отырып, экипажға көмек көрсетеді;

5) бірінші кезекте апатқа ұшыраған әуе кемесінің қонуын қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды, ол үшін қажет болған кезде әуеайлақ ауданын шеңбер бойынша ұшуды орындайтын ұшақтардан босатады (қонуға бағыттайды немесе күту аймағына жібереді);

6) іздестіру-құтқару күштері мен құралдарын әзірлікке келтіреді.

129. Ұшу жетекшісі істен шығудың сипатына байланысты (қанат артының шықпауы, шассидің шығу шамы жанбайды) дүрбіні немесе стереотүтікті пайдалана отырып, ұшақтағы ақаулықтың сипатын көзбен шолып айқындау үшін ұшып көтерілу-қону жолағы үстінен ұшып өтуге команда береді.

130. Ұшу жетекшісі экипажбен байланысты жоғалтқан (экипаж бес минут ішінде сұрау салуға жауап бермеген) кезде оны қалпына келтіруге шаралар қабылдайды.

131. Ұшу жетекшісі байланысты қалпына келтіру үшін байланыс станциясының барлық жұмыс арналарында, оның ішінде аспаптық бағыттау аппаратурасының байланысын пайдалана отырып, алыс жетекті радиостанцияның арнасы, командалық пункттердің және әуедегі әуе кемелерінің байланыс арналары арқылы экипажды сұратады.

132. Ұшу жетекшісі ұшу ауысымының жетекшісіне, жоғары тұрған командалық пунктке және әуе қозғалысын басқару орталығына әуе кемесінің түрін, экипаждың шақыру белгісін, ұшу эшелонын, отын қалдығын, орналасқан орнын, ұшып көтерілу және радиобайланысты жоғалту уақытын көрсете отырып, әуе кемесімен радиобайланыстың жоғалғаны туралы баяндайды.

133. Ұшу жетекшісі экипажбен радиобайланысты қалпына келтіру үшін барлық байланыс және ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарын қосуға команда береді және экипажға командалар беруді жалғастырады. Алынған ақпарат негізінде басқа әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді (басқа экипаждарды хабардар етеді немесе оларға командалар береді, бірінші кезекте радиобайланысы жоқ экипаждың қонуын қамтамасыз ете отырып, әуедегі жағдайды мұқият бақылайды).

134. Ұшу жетекшісі қажет болған жағдайда радиобайланысы жоқ ұшақты өзінің немесе қосалқы әуеайлаққа шығару үшін жетекші әуе кемесін жібереді.

135. Ұшу жетекшісі түнде радиобайланысы жоқ әуе кемесі төртінші кері бұрылысқа немесе алыс жетекті радиомаркерлік пунктке жақындаған кезде қону прожекторларын қосады.

136. Ұшуға басшылық жасау тобының адамдары байланысты орнату мүмкін болмаған, бірақ радиолокациялық құралдар көмегімен экипаж өз тапсырмасын ауытқымай орындайтыны көрінетін жағдайларда, әуе кемесінің ұшуын бақылауды және байланыс радиостанциясы бойынша және алыс жетекті радиостанцияның арнасы арқылы қажетті командалар беруді жалғастырады.

137. Ұшу қауіпсіздігі байланысы жоқ экипаж ұшуды орындайтын эшелонды, ал қажет болған кезде таяу (жоғарғы және төменгі) эшелондарды да, сондай-ақ радиобайланысы бар экипаждарға бұрылуға немесе екінші айналымға кетуге команда беру арқылы босатумен қамтамасыз етіледі.

138. Төмендеу глиссадасында әуе кемесінің биіктігін бақылау үшін радиолокациялық биіктік өлшегіш, навигациялық ақпаратты көрсету аппаратурасы, ал 20 километр қашықтықтан глиссада индикаторы пайдаланылады.

139. Ұшу жетекшісі (қашық, жақын аймаққа) әуе кемесі радиобайланыссыз әуеайлақтан ұшқан немесе айналымда тұрған жағдайда ұшу жетекшісіне және баяндайды және оның нұқсауы бойынша оны қону әуеайлағына шығару үшін радиобайланыссыз (500 метрге төмендетумен) жетекші ұшақты әуе кемесіне бағыттайды.

140. Әуе кемелерінің экипаждары жалпы әуе қозғалысында ұшуды орындаған кезде радиобайланысты жоғалтқан жағдайда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 маусымдағы № 509 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 15852 болып тіркелген) талаптарын басшылыққа алады.

141. Ұшу жетекшісі әуеайлақта байланыс және радиотехникалық қамтамасыз ету құралдары істен шыққан кезде мынадай етіп әрекет етеді:

1) ол туралы әуедегі экипаждарды және ұшу жетекшісі тобының адамдарын ақпараттандырады;

2) ұшақтар қозғалысын басқару үшін резервтегі және қайталау құралдарын пайдаланады;

3) қажет болған кезде кейіннен ұшу ауысымының үлкеніне ол туралы баяндаумен ұшуды шектейді немесе тоқтатады;

4) ақаулықтарды жоюға барлық шараларды қабылдайды.

142. Ұшу жетекшісі алыс жетектік радиостанциясы (радиомаркер пункті) істен шыққан кезде ол туралы әуедегі экипждарды және қону аймағының жетекшісін ескертеді. Бұл жағдайда экипаждар әуеайлаққа ұшып келу және қону алдындағы маневрді орындау үшін жақын радиотехникалық навигация жүйесінің маягын, ал қону бағытына шыққанан кейін курстық-глиссадалық жүйені пайдаланады. Ұшу (қону аймағы) жетекшісі ұшақтар қонуға кірген кезде ұшақ алыс жетек радиомаркер пунктіне жақындаған кезде ұшу биіктігін бақылайды, экипажды алыс жетекке кіру туралы және одан өту туралы ақпараттандырады. Қажет жағдайда метеорологиялық жағдайларға, жердегі желге және ұшу сипатына байланысты қону қарама-қарсы бағыттан ұйымдастырылады.

143. Әуе кемелерінің экипаждары жақын жетек радиостанциясы (радиомаркер пункті) істен шыққан кезде қону курсында курстық-глиссадалық жүйені пайдаланады. Ұшу (қону аймағы) жетекшісі алыс жетек радиомаркер пунктінен өткеннен кейін экипаждарды бақылауды күшейтеді, оларды ұшу-қону жолағына дейінгі қашықтық туралы, әр километр сайынғы курсқа және глиссадаға қатысты жағдай туралы, жақын жетек радиомаркер пунктіне жақындау және одан өту туралы хабардар етеді. Әуеайлақта курстық-глиссадалық жүйе және радиолокациялық қондыру жүйесі

болмаған жағдайда ұшу жетекшісі бұлттардың төменгі шегі биіктігін, көрінуді, жел бағыты мен жылдамдығын ескерумен қондыруды қарама-қарсы бағыттан ұйымдастырады немесе ұшақтарды қосалқы әуеайлаққа бағыттайды.

144. Әуе кемелерінің экипаждары жақын радиотехникалық навигация жүйесі істен шыққан кезде автоматты радиопеленгаторды пайдаланады. Жақын радиотехникалық навигация жүйесі істен шыққан кезде ағымдағы қашықтықты және ұшақ бортындағы азимутты беру тоқтатылады, қонуға дағдылы кіру тоқтатылады, қону алдындағы маневрларды орындау үшін берілген есептер өзгертіледі (алыс жетек радиомаркер пунктіне қатысты), жақын радиотехникалық навигация жүйесінің жерүсті индикаторын өшірілгендіктен экипаждарды бақылау (әсіресе диспетчерлік радиолокатордың " көрінбейтін аймағында") мүмкіндігі нашарлайды. Ұшу (қону аймағы) жетекшісі ұшақ курстық-глиссадалық жүйе әрекет ететін аймаққа кіргенге дейін экипаждарға қону курсына нақты шығуына көмек көрсетеді, төмендету глиссадасында үлкен ауытқуларға жол бермейді, ұшу биіктігін ұдайы бақылайды.

145. Ұшу (жақын аймақ) жетекшісі диспетчерлік радиолокатор істен шыққан кезде ол туралы ұшу жетекшісіне шұғыл баяндайды және қосалқы жүйені қосуға команда береді, ұшу биіктігі мен орындалатын тапсырма сипатын хабарлап, жақын радиотехникалық навигация жүйесі индикаторын (ол бар болған кезде) және диспетчерлік радиолокатор бойынша соңғы қадағалау мәліметтерін пайдалана отырып, ұшу (қашық аймақ) жетекшісіне жақын аймақтағы ұшақтардың болатын жерін хабарлайды. Ұшу жетекшісінің шешімімен экипаждарды басқару өзінің радиолокациялық станцияларын пайдаланумен ұшу (қашық аймақ) жетекшісіне беріледі. Экипаждар командалық пункттің радиолокациялық станциялардың сенімді баықлауын қамтамасыз ету үшін алыс аймақтардан, негізінен шептен, ал жақын аймақтан тікелей қонуға бағытталады. Ұшу (қашық аймақ) жетекшісі экипаждарды басқаруды қону курсында ұшу-қону жолағына дейін 20 километр қашықтықта ұшу (қону аймағы) жетекшісіне береді.

Ұшу (жақын аймақ) жетекшісі жақын радиотехникалық навигация жүйесінің деректері бойынша және радиоалмасу бойынша жақын аймақтағы әуедегі жағдайды ұдайы бақылайды және ұшу (қашық аймақ) жетекшісіне қажетті көмек көрсетеді. Диспетчерлік радиолокатордың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру (резервтегі жүйесінің қосу) кезінде өзінің функционалдық міндеттерін орындауға шұғыл кіріседі. Егер диспетчерлік радиолокатордың жұмысқа жарамдылығы қалпына келтірілмесе, ал резервтегі жүйе болмаса, ол туралы ұшу ауысымының үлкеніне баяндай отырып, ұшу жетекшісі ұшуды тоқтатады.

146. Ұшу (қону аймағы) жетекшісі қондыру радиолокаторы істен шыққан кезде ол туралы ұшу жетекшісі шұғыл баяндайды. Ұшу (қону аймағы) жетекшісі ұшақтарға бақылауды 40 километр ауқымында жұмыс істейтін диспетчерлік радиолокатордың айналаны шолу индикаторы деректері бойынша белгіленген шептерде ұшу-қону

жолағына дейінгі қашықтық және "Соқпа толқын" ақпаратты бере отырып жүргізеді. Ұшу (қону аймағы) жетекшісі қондыру курсы биіктігін жылжымалы радиобиіктік өлшегіш операторының, навигациялық ақпаратты сипаттау аппаратурасы деректері бойынша және ұшқыштың баяндауы бойынша бақылайды. Көзбен көріп анықталған сәттен бастап ұшақтың ұшуын жерге қонғанға дейін бақылауды ұшу жетекшісінің көмекшісі жүзеге асырады. Метеорологиялық және ұшу сипатына байланысты ұшуды жалғастыруға немесе тоқтатуға шешімді ұшу жетекшісі ұшу ауысымының үлкенімен келісу бойынша қабылдайды.

147. Ұшу (жақын аймақ) жетекшісі радиолокациялық қондыру жүйесінде автоматты радиопеленгатор істен шыққан кезде ұшақтарды тануды азимутқа және қашықтыққа сұрау салумен тану және белсенді жауап беру ("Белгі") жүйесі бойынша (жақын радиотехникалық навигация жүйесі бар болған кезде) және жақын радиотехникалық навигация жүйесінің тану жүйесі бойынша, сондай-ақ экипаждарға жазық бетте маневрлер жасауды орындауға командалар берумен жүргізеді. Пеленгті айқындау (" Соқпа толқын") нысанадан белгі бар болған кезде айналаны шолу индикаторында жылжымалы лимбаны пайдаланумен жүргізіледі.

148. Ұшу (қашық аймақ) жетекшісі қашық аймақтағы ұшуды басқару үшін пайдаланылатын радиолокациялық станциялар істен шықан кезде ол туралы ұшу жетекшісіне баяндайды, экипаждарға тапсырманы тоқтатуға және ұшақ жауапкерлерін "әуе қозғалысын басқару" немесе "радиолокациялық қондыру жүйесі" жұмыс режиміне ауыстыруға команда береді және ұшақтарды биіктігі бойынша эшелондайды. Ұшақтарды бақылау үшін айналма жұмыс режимі көзделген жақын радиотехникалық навигация жүйесінің және жерүсті радиобиіктік өлшегіш индикаторы пайдаланылады (командалық пунктте бар болған кезде). Радиолокациялық станцияның жұмысқа жарамдылығы қалпына келтіріледі. Ұшу жетекшісі экипаждарды шығаруды тоқтатады, ұшу (жақын аймақ) жетекшісіне экипаждарды басқару бойынша тапсырма қояды және оған көмек көрсетеді.

Ұшу (жақын аймақ) жетекшісі 200 (150) километр ауқымындағы диспетчерлік радиолокатор индикаторын, белсенді жұмыс режимін, жақын радиотехникалық навигация жүйесінің деректерін және алыс аймақ жетекшісінің ақпаратын пайдаланумен экипаждарды қонуға кіру үшін әуеайлаққа шығарады.

149. Ұшу жетекшісі радиолокациялық станциялардың жұмысқа жарамдылығы қалпына келтірілмеген жағдайда ұшу ауысымының үлкенімен келісу бойынша ұшуды тоқтатады немесе оларды жақын аймақ шегінде жалғастырады.

150. Ұшу жетекшісі әуеайлақтың жарық-техникалық жабдығы толық істен шыққан кезде ұшақтарды шығаруды тоқтатады және әуедегі экипаждарды қосалқы әуеайлақтарға жіберуді ұйымдастырады.

151. Экипаждарды өз әуеайлағына қондыру ерекше жағдайларда, егер отын қоры немесе метеорологиялық жағдай қосалқы әуеайлаққа қонуға мүмкіндік бермесе,

ұшақттарды қондыру прожекторлары мен жарық құралдарын пайдалануымен рұқсат етіледі. Бұл ретте қондыру прожекторлары ұшақ жылдамдық алғанға дейәін қосылып тұрады.

152. Әуеайлақтағы байланыс және радиотехникалық қамтамасыз ету құралдары істен шыққан кездегі ұшу жетекшісінің және экипаждардың әрекет етуі, қайталайтын және резервтегі құралдарды пайдалану, басқаруды басқа командалық пункттерге беру, қосалқы әуеайлақтардың радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарын пайдалану тәртібі әуеайлақтың аэронавигациялық паспортында айқындалады.

153. Ұшу жетекшісі топтарының адамдары немесе экипаж командирінің шешімімен ұшақ (топты):

1) ұшып көтерілу әуеайлағы ауданында метеорологиялық жағдай күрт бұзылған;

2) ұшу-қону жолағы механикалық бұзылған (бол балмаған);

3) қону әуеайлағында байланыс және радиотехникалық қамтамасыз ету құралдары істен шыққан;

4) өз әуеайлағында апатқа немесе қолайсыз жағдайларға ұшыраған ұшақты қондыру мақсатқа сәйкес болмауы;

5) отын қалдығының аз болған жағдайларда қосалқы әуеайлаққа жіберіледі.

154. Ұшу жетекшісі экипажды қосалқы әуеайлаққа жіберуге шешім қабылдаған кезде ұшуға басшылық жасау адамдарына экипажды басқару бойынша міндет қояды.

Авиадиспетчер арқылы дербес (байланыс бар болған кезде) немесе командалық пункт арқылы қосалқы әуеайлаққа сол жаққа жіберілген экипаж туралы деректер береді :

1) экипаж командирінің индексі (шақырту белгісі);

2) әуе кемесінің түрі;

3) өз әуеайлағына қатысты ұшақтың болатын жері (азимуты, қашықтығы, биіктігі);

4) ұшақтағы отын қалдығы;

5) экипаж командирінің минимумы.

155. Ұшу жетекшісі қосалқы әуеайлаққа жіберілген экипажға мынадай деректерді береді:

1) қосалқы әуеайлақтың шақырту белгісі;

2) ондағы метеорологиялық жағдай және қону курсы;

3) әуе қозғалысын басқару орталығымен келісілген ұшу курсы және қосалқы әуеайлаққа дейінгі ұшу уақыты (арақашықтығы);

4) қосалқы әуеайлақтың байланыс және радиотехникалық қамтамасыз ету құралдары туралы деректер (қажет болған кезде).

156. Ұшу (жақын аймақ) жетекшісі ұшу жетекшісінен нұсқау алғаннан кейін экипажды басқаруды беру шебіне дейін басқарады:

1) ұшу бағытын бақылайды және қажет болған кезде тапсырылған жолға шығуда экипажға көмек көрсетеді;

2) экипажды өзіне және қосалқы әуеайлаққа дейінгі қашықтық туралы ақпараттандырады;

3) басқа ұшақтармен қауіпті жақындасуды болдырмайды.

Ұшу (жақын аймақ) жетекшісі белгіленген шепте экипажды басқаруды ұшу (қашық аймақ) жетекшісіне тапсырады және өзінің радиолокациялық құралдарының әрекет етуі шегінде ұшақтың ұшуына бақылауды жалғастырады.

157. Ұшу (қашық аймақ) жетекшісі экипажды басқаруды қабылдап:

1) онымен радиобайланысты орнатады;

2) ұшақтан айналаны шолу индикаторынан белгіні таниды;

3) планшетистке ұшақ жолын салуға команда береді;

4) экипаждан отын қалдығын, ұшу режимі мен курсын нақтылайды;

5) экипажға алыс жетек радиомаркер пунктіне (маягына) немесе қосалқы әуеайлақтың қону курсына бұрылу нүктесіне шығу үшін қажетті деректер береді;

6) экипажды кезең-кезеңімен қосалқы әуеайлаққа дейінгі қашықтық туралы ақпараттандырады;

7) экипажды басқаруды қосалқы әуеайлақтың командалық пунктіне береді және растауды алғаннан кейін экипажды қосалқы әуеайлақпен байланыс арнасына ауыстырады;

8) экипаждан қосалқы әуеайлақ командалық пунктінің оларды басқаруды қабылдағаны туралы растау алады;

9) өз құралдарының радиолоациялық көрінісі шегінде ұшақтың ұшуын бақылауды жалғастырады;

10) ұшу жетекшісін ұшақтың болатын жері, ұшақ режимі және экипаждың әрекет етуі туралы ұдайы ақпараттандырады.

158. Әуе қозғалысын басқару орталығы әуе кемесінің қосалқы әуеайлаққа кеткені туралы ақпарат алғаннан кейін эшелонды әуеайлақтың ұшуға басшылық жасау тобымен келісуді жүргізеді, ақапаратты әуе қозғалысына қызмет көрсету органына жеткізеді.

159. Ұшу жетекшісі экипаждың және ұшуға басшылық жасау тобы адамдарының әрекет етуін бақылайды. Ұшақты қосалқы әуеайлаққа қондыру туралы растау алғаннан кейін (авиадиспетчер немесе командалық пункт арқылы) ол туралы командирге (ұшу ауысымының үлкеніне) баяндайды.

Әуе қозғалысын басқару
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша
Нысан
Бекітемін
әскери бөлімінің командирі
(Мемлекеттік мекеменің
бастығы)
Әскери атағы Т.А.Ә.

(ол бар болған кезде)
20 __ жылғы "___" _____

Ұшу жоспары

1. Ұшып өту мерзімі:_____
__
2. Саны, ұшақтың (модификация) типі:_____
___
3. Ұшып шығу әуеайлағы, аралық , тағайындау:_____
___
4. Дипломатиялық рұқсат нөмірі:_____
___
5. Ұшып өтудің мақсаты_____
__
6. Ұшқыш құрамы тобының бастығы:_____
__
7. Ұшақ, алып барушы топ:_____
___
8. Ұшу құрамы туралы мағлұмат:_____
___
9. Метеоминимум тобы, қолдану мерзімі:_____
___
10. Ұшу тәртібі:_____
__
11. Қосалқы әуеайлақтар:_____
__
12. Ұсынылатын (крейсерлік) ұшу эшелоны, ұшып өту максималды эшелоны (биіктігі):____
13. Негізгі ұшу бағыты:_____
__

1 кезең: ұшу әуеайлағы, маршруттың бұрылыс пункті, қону әуеайлағы.

Жалпы қашықтық, жалпы ұшу уақыты. Эшелон (FL, метрдегі көрсеткіш). Қонудан кейінгі

жағармай қалдығы. Ұшып шығу әуеайлағына оралу шекарасы (жағармай қалдығы), қордағы

әуеайлақтарға шығу шекарасы. Ұшып өту маршруты бойынша максималды рұқсат берілетін

қарсы желдің көрсеткіші.

2 кезең: мәліметтер 1 кезеңге ұқсас, сонымен қатар мемлекеттік шекаралардың

қиылысу нүктесі (координаттар мен дәліздер), эшелон, ұшудан кейінгі уақыт көрсетіледі.

Қосалқы:_____

__

Резервтегі:_____

__

14. Басқару тәртібі:_____

___

15. Тәулік уақыты, стартық уақыт:_____

___

16. Ұшу алдындағы дайындық көлемінде қайта ұшып шығуға базадан тыс әуеайлақта

әуе кемесінің өзіндік дайындыққа командирді (экипажды) жіберу:_____

_____

17. Қауіпсіздік шаралары:_____

__

18. Қосымша ақпарат:_____

__

Әуе қозғалысын басқару
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

Ұшудың әр түрлі кезеңінде әуе кемелерінің қозғалысын басқару кезіндегі қабылданған радиобайланыс жүргізу кезіндегі қабылданған қысқартулар, хабарлаулдың (нұсқаудың) негізгі терминдері, стандарт фразалар

Авияциялық ағылшын тілде қабылданған қысқартулар

Аббревиатура	Мағынасы	Аудармасы
AAL	Above aerodrome level	Әуеайлақ деңгейінің үстінен
ACAS	Airborne collision avoidance system	Соқтығыстардың алдын алудың борт жүйесі (САБЖ)
ACC	Area control centre	Аудандық диспетчерлік орталық
ADF	Automatic direction	Автоматты радиопеленгатор
ADR	Advisory route	Консультациялық бағыт
ADT	Approved departure time	Мақұлданған (рұқсат етілген) ұшып шығу уақыты
AFTN	Aeronautical fixed telecommunication network	Авиациялық бекітілген электр байланыс желісі
AGL	Above ground level	Жер бетіне қатысты
AIC	Aeronautical information circular	Аэронавигациялық ақпараттар бюллетені

AIRPROX	Aircraft proximity	Әуе кемелерінің жақындасуын белгілеу үшін әуе қозғалысы кезіндегі қақтығыс туралы есеп беруде қолданылатын шартты сөздер
AIP	Aeronautical information publication	Аэронавигациялық ақпараттар жинағы
AIS	Aeronautical information service	Аэронавигациялық ақпараттар қызметі
AMSL	Above mean sea level	Орташа теңіз деңгейінің үстінен
ATA	Actual time of arrival	Ұшып келудің нақты уақыты
ATC	Air traffic control	Әуе қозғалысын басқару
